



Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2020 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 341 қаулысымен бекітілді

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ШАЛ АҚЫН АТЫНДАҒЫ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
РММ

20 21 ж. « 08 » қаңтар

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 470840002154

1997 ж. « 13 » тамыз

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданының білім бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Бұлақ орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Бұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай мәтін бойынша – коммуналдық мемлекеттік мекемесі) коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-құқықтық түріндегі білім беру қызметін іске асыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Есіл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 қыркүйектегі №380 қаулысының негізінде құрылған.

4. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы және меншік иесі болып табылады. Заңды мекенжайы: 150011, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58 ғимарат.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқаруды жүзеге асыратын орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады (содан кейін – тиісті саланың уәкілетті органы).

7. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Есіл ауданы білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Бұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Булакская средняя школа» коммунального государственного учреждения «Отдела образования Есильского района» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

8. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мекен – жайы: 150596, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Бұлақ ауылы, С.Мұқанов көшесі 15.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесі мектеп жанындағы шағын орталық болып табылады.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңды мәртебесі

10. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге тиісті саланың уәкілетті органының орталықтандырылған есеп бөлімі қызмет көрсетеді. Мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми мөрі, бланкілері және штампы бар.

11. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды. Мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлғаның құқығына ие болады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні:

1) жалпы білім беретін мемлекеттік стандарттарға сәйкес тегін мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және орта білімді тегін алу мүмкіндігін беру;

2) жеке тұлғаның жан-жақты дамуы үшін, оның ішінде білім алушылардың өз бетінше білім алуға және қосымша білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы қолайлы жағдайлар жасау;

3) білім алушылар тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыру, олардың қоғам өміріне бейімделуі;

4) кәсіби бағдарламаларды саналы таңдау және кейіннен игеру үшін негіз жасау;

5) азаматтыққа және Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

14. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің мақсаты ұлттық рухани құндылықтарды жалпыадамзаттық мәдениетпен біріктіру жолымен өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу, сондай-ақ әрбір оқушыны жеке дара тұлға ретінде тәрбиелеу және жан жақты даму үшін жағдай жасау болып табылады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мақсатына қол жеткізу үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мектепалды даярлықтың жалпы білім беретін бағдарламасын іске асырады;

2) Бастауыш және қосымша білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асырады;

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндеті – ұлттық, рухани құндылықтарды жалпыадамзаттық мәдениетпен байланыстыру арқылы өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу, сондай-ақ әрбір оқушыны жеке дара тұлға ретінде тәрбиелеу және жеке тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға

бағытталған бастауыш, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің функциялары:

1) оқушыларға қоғамдық және ғылыми-техникалық прогрестің қазіргі заманғы талаптарына сай келетін бастауыш, білім беруді, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды беру, оқушылардың ғылым негіздерін берік білуіне қол жеткізу және оларды өз бетінше толықтыра білу;

2) мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру;

3) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасауға;

4) жеке тұлғаның рухани және дене мүмкіндіктерін ашуды, адамгершілік және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруды, жеке тұлғаның дамуы үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байытуды қамтамасыз етуге міндетті.

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, жеке адамның отбасы, халық, қоғам және мемлекет алдындағы саналы құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін қалыптастыру болып табылады;

6) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу;

7) тұлғаның шығармашылық қабілеттерін және адамгершілік-эстетикалық тәрбиесін дамыту.

8) қазақ халқының және Қазақстан Республикасының басқа да халықтарының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін зерделеу үшін жағдайлар жасау, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу.

9) оқыту мен тәрбиелеудің озық нысандары мен әдістерін әзірлеуге және меңгеруге міндетті.

10) педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға жәрдемдесу.

11) мұғалімдер арасында ғылыми-әдістемелік жұмысты жандандыру негізінде тәрбие жұмысының жаңа нысандарын белсенді іздеу.

12) педагогикалық ұжымның өз жұмысының соңғы нәтижесі үшін жауапкершілігін арттыру.

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мыналарды қамтамасыз етеді:

1) білім берудің мемлекеттік стандарты шегінде білім беру қызметтерінің тегіндігі.

2) білім берудің зайырлы сипаты.

3) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің объективті білім алуға кедергі келтіретін саяси және идеологиялық әсерден тәуелсіздігі.

19. Лицензиялауға жататын қызмет түрлерін коммуналдық мемлекеттік мекеме тиісті лицензия алғаннан кейін жүзеге асырады.

20. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

21. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

22. Коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекеменің жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері Еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады

4. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүзеге асырылатын бағдарламалар тізімі

23. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- бастауыш білім беру;
- негізгі орта білім беру;
- жалпы орта білім беру;
- қосымша білім беру.

24. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жүзеге асыратын бағдарламалар мыналарға бағытталған:

1) ғылымның қарқынды дамуына жауап беретін және жеке адамның әлемдік және ұлттық мәдениеттер жүйесіне кірігуіне мүмкіндік беретін қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттар;

2) тұлғаның зияткерлік және адамгершілік даму идеяларын іске асыру;

3) ғылымның әртүрлі салаларында, кәсіби білім беру бағдарламаларын саналы таңдау мен игеруге кеңінен білімді зияткерлік тұлғаны қалыптастыру.

25. Жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, коммуналдық мемлекеттік мекемедегі білім беру бағдарламалары келесі нысандарда игеріледі: күндізгі, экстернат.

26. Уәкілетті органмен келісу бойынша ата-аналардың (оларды алмастыратын адамдардың) мүдделерін ескере отырып, оқытуды өтейтін, психикалық дамуы тежелген балалар үшін мамандандырылған және бейінді сыныптар мен топтар, түзету сыныптары ашылуы мүмкін.

5. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

27. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы оқушыларды бейіналды даярлау мен бейіндік оқытуды қамтиды.

28. Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

29. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру процесін мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының негізінде әзірленген жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес мемлекеттік тілде жүзеге асырады, өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, үлгілік қағидаларды, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады

30. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі тәрбие процесі мемлекеттік және орыс тілінде жүзеге асырылады.

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бір ауысымда жұмыс істейді. Ауысымның жұмыс режимін коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесі бекітеді.

32. Оқу-тәрбие процесі коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесі бекіткен және жоғары тұрған мемлекеттік басқару органымен келісілген оқу жұмыс бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

33. Мектеп жанындағышағын орталықта білім беру процесін ұйымдастыру Мектеп жанындағытәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес әзірленетін және бекітілетін балаларды дамытудың жалпы білім беру бағдарламасымен айқындалады және регламенттеледі.

34. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу болып табылады. Оқу және тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарын, сабақ кестесін, үйірмелер мен спорт секцияларын бекіту арқылы жүзеге асырылады. Оқу және тәрбие жұмысын есепке алу электрондық Кунделик журналын, жұмыс уақытын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

35. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сабақтың ұзақтығы 40 минуттан аспауы тиіс. Сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы оқушылардың белсенді демалысы мен ыстық тамағын ұйымдастыруды ескере отырып белгіленеді, бірақ 15 минуттан кем болмауы тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп арттыра отырып, оқу сабақтарының сатылы режимі қолданылады. Қыркүйек айында үш сабақ 35 минуттан, қазан айынан бастап - 40 минуттан көз жаттығулары мен гимнастика сабақтарын өткізу жоспарлануда. Мектепалды даярлықта сабақтар 25-30 минуттан өткізіледі. Сабақтар арасындағы үзіліс ұзақтығы оқушылардың белсенді демалысы мен ыстық тамағын ұйымдастыруды ескере отырып белгіленеді, бірақ кемінде 10 минут. Сабақтардың саны мен жүйелілігі оқу сабақтарының бекітілген кестесімен айқындалады. Оқу аптасының ұзақтығын коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесі белгілейді.

36. Оқу тоқсандарының, каникулдардың мерзімдері, оқу жылының басталуы мен аяқталуы білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрықтарымен, нұсқаулықтарымен регламенттеледі.

37. Білім алушылардың білім беретін оқу бағдарламаларын игеруін бақылау мақсатында коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрықтарына, нұсқаулықтарына сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды жүзеге асырады.

38. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгеру бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады, оны өткізу тәртібі білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрықтарымен, нұсқаулықтарымен айқындалады.

39. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі оқу-тәрбие процесі барысында коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылары мен қызметкерлеріне алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитариялық көмек көрсетіледі.

40. Мекемені алқалық басқаруды педагогикалық және қамқоршылық кеңестер жүзеге асырады.

41. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

42. Саяси партияларды, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдарды құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

6. Білім алушыларды қабылдау мен шығару тәртібі

43. Бірінші сыныптарға дайындық деңгейіне қарамастан, алты жастағы балалар және ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын балалар қабылданады. Мектепалды даярлық сыныптарына 5 жастан бастап балалар қабылданады.

44. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау Ақпараттық жүйелер арқылы автоматтандырылған мемлекеттік қызмет көрсету құралдары бойынша ата-аналарының (заңды өкілдерінің) немесе оларды алмастыратын адамдардың өтініші бойынша жүзеге асырылады.

45. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге оқуға ниет білдірген барлық балалар қабылданады.

46. Жаңадан оқуға түсетін оқушылардың өтініштерін қабылдау коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен ресімделеді. Әрбір оқушыға жеке іс және үлгерім табелі жасалады.

47. Мектеп жанындағы шағын орталыққа балаларды қабылдау Мектеп жанындағы ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Мектеп жанындағы шағын орталыққа балаларды қабылдау 2 жастан бастап жүзеге асырылады.

48. Ата-аналар мен мектеп жанындағы шағын орталық арасындағы қарым-қатынас шартпен реттеледі.

49. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер қатарына қабылдау коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

50. Білім алушыны коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау кезінде соңғысы оны және (немесе) ата-анасын (оларды алмастыратын адамдарды) білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін жарғымен және басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

51. Коммуналдық мемлекеттік мекемеден оқушыны шығару келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) басқа оқу орнында немесе оқытудың басқа нысанында білім алушының білімін жалғастыру үшін ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың өтініші бойынша;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін педагогикалық ықпал етудің ең соңғы шарасы ретінде, 16 жасқа дейінгі балаларды алып тастауға жол беріледі.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме 3 күн мерзімде жергілікті атқарушы орган жанындағы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі

комиссияға білім алушыны коммуналдық мемлекеттік мекемеден шығару туралы хабарлайды.

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы органдардың келісімімен қабылданады.

52. Балаларды мектеп жанындағы шағын орталықтан шығару мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі шағын орталықта баланың орны келесі жағдайларда сақталады:

- 1) баланың аурулары;
- 2) баланы медициналық, санаторий-курорттық және өзге де ұйымдарда емдеу және сауықтыру; ;
- 3) ата-анасының біреуінде еңбек демалысы;
- 4) баланы жазғы кезеңде екі айға дейінгі мерзімге сауықтырған жағдайларда жүргізіледі.

53. Қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушыларға жалпы орта және негізгі орта білім туралы белгіленген үлгідегі аттестаттар беріледі.

7. Білім беру процесінің қатысушылары

54. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі білім беру процесінің қатысушылары білім алушылар, педагог қызметкерлер, білім алушылардың ата-аналары (оларды алмастыратын адамдар) болып табылады.

55. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мынаған құқылы:

- 1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) білім алу нысанын таңдауға;
- 3) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқуға;
- 4) оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен;
- 5) өз бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін алуға;
- 6) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

7) спорт залын, компьютерлік сыныптарды және кітапхананы тегін пайдалануға;

8) адамның қадір-қасиетін құрметтеу, ар-ождан мен ақпарат бостандығы, өз көзқарастары мен сенімдерін еркін білдіруге;

9) бір оқу орнынан екіншісіне ауыстыруға;

10) білім беру бағдарламасында көзделмеген еңбектен бас тартуға;

11) балалар - жасөспірімдер қоғамдық ұйымдарына ерікті түрде кіруге;

12) күш көрсету және психологиялық зорлық-зомбылық әдістерін қолданудан қорғануға;

13) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;

14) білім беру ұйымын басқаруға қатысу.

56. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде білім алушылар:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім, білік, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге;

2) ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға;

3) мекеме қызметкерлерінің, басқа да білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;

4) білім беру ұйымы белгілеген киім нысанын сақтауға;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға;

6) күзгі-көктемгі кезеңде барлық білім алушылар үшін міндетті ауысымдық аяқ киімді сақтауға міндетті болып табылады.

57. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін, олардың құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны үшін оларға тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

58. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері:

1) балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы коммуналдық мемлекеттік мекемені басқаруға қатысуға;

3) өз балаларының үлгерімі, мінез-құлқы және оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға құқылы;

5) балаларының шарт негізінде қосымша қызметтер алуына;

6) мекеме қызметкерлерімен келіспеген, білім алушылармен жанжал туындаған жағдайда, мәселені шешу үшін әкімшілікке жүгінуге;

7) әкімшіліктің рұқсатымен сабақтарға қатысуға құқылы.

59. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері:

1) өз балаларын тәрбиелеуге және оқытуға жауапты болуға;

2) балалардың оқу сабақтарына қатысуын қамтамасыз етуге;

3) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дене күшінің дамуын, имандылық тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

4) бес жастағы балаларды одан әрі айқындай отырып, коммуналдық мемлекеттік мекемеге мектепалды даярлауды қамтамасыз етсін;

5) мекемеге балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсету;

6) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

7) баланы сабаққа қажетті мектеп-жазбаша керек-жарақтармен, оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз етуге;

8) ата-аналар жиналыстарына қатысуға, педагогтердің немесе әкімшіліктің шақыруы бойынша коммуналдық мемлекеттік мекемеге екі жаққа да ыңғайлы уақытта келуге;

9) оның баласы коммуналдық мемлекеттік мекемеге келтірген залалды өтеуге міндетті болып табылады.

60. Педагог қызметкерлерге білім алушыларды оқытумен және тәрбиелеумен байланысты білім беру қызметімен айналысатын, сондай-ақ арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жатады.

61. Педагог қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері осы жарғымен және мекеменің ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен айқындалады.

62. Педагог қызметкер:

1) кәсіптік қызмет үшін жағдай жасауды қамтамасыз ете отырып, педагогикалық қызметпен айналысуға;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысу, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

3) жеке педагогикалық қызметпен айналысуға;

4) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда Педагогикалық қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органдарының жұмысына қатысуға;

б) ұзақтығы төрт айдан аспайтын бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыруға;

7) санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

8) педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін сыйақы түріндегі моральдық және материалдық көтермелеуге;

9) өзінің кәсіби ар-намысы мен абыройын қорғауға;

10) білім беру ұйымдары әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға құқылы.

63. Педагогикалық қызметкер:

1) тиісті теориялық және практикалық білімді және өзінің кәсіби құзыреті саласында оқыту дағдыларын меңгеруге

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары адамгершілік, ата-аналарға, этномәдени құндылықтарға құрмет, қоршаған әлемге ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

5) өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін тұрақты жетілдіруге;

б) бес жылда бір рет аттестаттаудан өту және өзінің біліктілік деңгейін арттыруға;

7) педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын медициналық тексеруден өтуге;

9) мекеме қызметкерлерінің, білім алушылардың және олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

64. Педагогикалық әдеп міндеттері мен нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

65. Педагог қызметкерлердің негізгі міндеттеріне коммуналдық мемлекеттік мекеме директорының бұйрығымен қосымша міндеттемелер жүктелуі мүмкін.

66. Педагогтік қызметке сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен тыйым салынған адамдар білім беру ұйымдарындағы жұмысқа жіберілмейді.

67. Педагог қызметкерлерге білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға тыйым салынады. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымы мен қызмет түріне қарамастан қандай да бір діни сенімге берілуіне жол бермейтін киімнің қатаң және іскерлік стилін сақтауға тиіс.

8. Ақылы білім беру қызметтерін ұсыну тәртібі және тізбесі

68. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушыларға бюджет қаражаты есебінен тегін білім беру қызметтерін көрсетеді.

69. Білім алушыларға мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсынуға тыйым салынады.

70. 71-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, оқушылар мен педагог қызметкерлерден ақша алуға тыйым салынады .

71. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ақылы қызметтер көрсету туралы шарт жасай отырып, мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс мынадай қызметтерді ақылы негізде ұсынуға құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен мүдделерді дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру);

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп зерделеуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек тұрғындар арасында әртүрлі: спорттық жарыстар, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу және іске асыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

5) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, білім беру ұйымдарында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушыларды тамақтандыруды қамтамасыз ету;

6) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибелік учаскелердің өнімін өндіруді және өткізуді ұйымдастыру.

72. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес ақылы білім беру қызметі негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетілмейді.

73. Ақылы негізде қызмет көрсететін коммуналдық мемлекеттік мекеменің және білім алушының ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары шартпен реттеледі.

74. Мектепке дейінгі шағын орталық тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан немесе оларды алмастыратын адамдардан баланы шағын орталықта ұстағаны үшін алынатын ай сайынғы төлемнің мөлшері баланың жасына қарамастан тамақтануға жұмсалатын шығындардың 100%-ын құрайды.

75. Мектеп жанындағы шағын орталықта ата-аналардың келісімі бойынша келесі қосымша ақылы білім беру және сауықтыру қызметтері көрсетіледі:

- 1) коммуникативтік-тілдік бағыт-ағылшын, қазақ тілдері және риторика;
- 2) көркем-эстетикалық бағыт-хореография, бейнелеу өнері;
- 3) дене шынықтыру-сауықтыру бағыты-ырғақ, логопед, жалпы дене дамуы үйірмесі, түзету гимнастикасы.

76. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен ата-аналар немесе олардың орнындағы адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас бала шағын орталыққа қабылданған кезде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың шағын орталыққа келу режимі, бір айдағы тамақтанудың жоспарлы құны және оның еселігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерінің тізбесі мен ұсыну тәртібі, қосымша ақылы қызметтер, ақы төлеу мөлшері және өзге де шарттар айқындалады.

77. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақылы негізде көрсетілетін қызметтерінің бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

78. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

79. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

80. Орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын коммуналдық мемлекеттік мекеменің директоры тиісті саланың уәкілетті органы айқындаған тәртіппен конкурстық негізде лауазымға тағайындалады.

81. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, уәкілетті органға (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) тікелей бағынады және коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

82. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

83. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеменің директоры қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту

және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді, барлық қызметкерлер үшін міндетті;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

8) коммуналдық мемлекеттік мекеменің барлық қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

84. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушыларының, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзу;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамау болып табылады;

3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын бұзу;

4) оқу-тәрбие процесі кезіндегі коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылары мен қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығы;

5) Қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі, оның ішінде материалдық құралдарды мақсатсыз пайдалану;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына дербес жауапты болады;

7) Нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптардың өзге де бұзылуы болып табылады.

85. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттік мерзімін, шешім қабылдау тәртібін айқындайды;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босатудың негіздерін айқындайды;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге құрылтайшының келісімін береді.

86. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мекемеге мүлікті бекітеді;
2) мекеменің жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

3) мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме, Құрылтайшы және уәкілетті орган арасындағы өзара қарым-қатынастар.

87. Коммуналдық мемлекеттік мекеме, Құрылтайшы және уәкілетті орган арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы заңнамаға сәйкес шарттық талаптармен құрылады.

88. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде жұмыс істеу құқығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

89. Егер коммуналдық мемлекеттік мекеме талаптарының деңгейіне сәйкес келмесе, директордың бос лауазымға кандидаттан бас тартуға құқығы бар.

90. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің әкімшілігі еңбек заңнамасына сәйкес өзара қарым-қатынастарды реттейді.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі мүлкінің құрылу тәртібі

91. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

92. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

93. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында коммуналдық мемлекеттік мекемеге кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру саласындағы коммуналдық мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды

(жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, осындай қызметтен алынған ақша тиісті бюджетке есептелуге жатады.

94. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі уәкілетті органның бюджетінен қаржыландырылады.

95. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырылады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

96. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

97. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

98. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі

14 . Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

99. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

100. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және басқа да заңнамалық актілерде көзделген негізде және тәртіппен ерікті түрде (оның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ оған құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі бойынша) және мәжбүрлеп (сот шешімі бойынша) таратылуы мүмкін.

101 Тарату туралы шешім қабылдаған коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге

асыратын әділет органына дереу жазбаша хабарлауға міндетті, құрылтайшы тарату комиссиясын тағайындайды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, осы Заңға сәйкес тарату тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.

102. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттік көшеді. Тарату комиссиясы таратылатын коммуналдық мемлекеттік мекеменің атынан сотта сөз сөйлейді. Таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.